

Қазақстан Республикасы, Еуропалық Қоғамдастық Комиссиясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы ноталар алмасу нысанындағы шартты бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 519 Заңы

Астанада 2001 жылғы 1 маусымда, Алматыда 2001 жылғы 24 және 31 шілдеде жасалған Қазақстан Республикасы, Еуропалық Қоғамдастық Комиссиясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі 2000 жылғы 12 мамырдағы келісімге өзгерістер енгізу туралы ноталар алмасу нысанындағы шарт бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісім

Осы Келісім Қазақстан Республикасының, Еуропалық Қоғамдастық Комиссиясының, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының (БҰҰДБ) (бұдан әрі - Тараптар) арасында жасалады.

Экологиялық проблемаларды шешу Орталық Азия елдері (бұдан әрі - ОАА) Үкіметтерінің, жергілікті өкімет орындарының, үкіметтік емес ұйымдарының (ассоциацияларының) және азаматтарының бірлескен күш-жігерін талап ететіндігін;

Қоршаған ортаны қорғау министрлерінің Орхустағы (Дания, 1998 жылғы маусым) Пан-Еуропалық Конференциясының 4-ші Декларациясы Орталық Азияда Аймақтық Экологиялық Орталық (бұдан әрі - Орталық) құруды қолдайтындығын;

Орталық Азия мемлекеттерінің (Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы) мұндай Орталық Қазақстан Республикасында, Алматыда құрылатын болады деп шешкендерін;

1999 жылғы 20 шілдеде қол қойылған Орталықтың Жарғысы осы Келісіммен бірге Орталықты құруға және оның қызметіне заңдық негіз болып табылатындығын ескере отырып ;

Тараптар төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Қазақстан Республикасының, Еуропалық Қоғамдастық Комиссиясының, БҰҰДБ-ның арасындағы осы Келісім Орталықтың мақсаттарына қол жеткізу үшін оның қызметін қолдау жөніндегі Тараптардың міндеттемелерін белгілейді.

2. Орталықтың қызметі Орталықтың Жарғысына, осы Келісімге және Қазақстан

Республикасының заңдарына сәйкес жүргізілетін болады.

3. Орталық халықаралық сипаттағы тәуелсіз, коммерциялық емес, саяси емес ұйым (ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны - мекеме) ретінде құрылады.

4. Орталық шектелмеген мерзімге құрылады.

5. Орталық Қазақстанда, Алматы қаласына орналасады.

2-бап

1. Орталық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны мемлекеттік тіркеген кезден бастап заңды тұлға ретінде құрылған болып есептеледі және:

- өзінің меншікті жеке активтері болады;
- мұндай активтерді кеңейту жөніндегі өзінің міндеттемелері үшін жауап беретін болады;
- өз атынан келісім-шарттар мен келісімдер жасаса алады;
- мүліктік және мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады;
- міндеттемелер ала алады және сот алдында талапкер немесе жауапкер ретінде шыға алады.

3-бап

Орталық Орталық Азияда филиалдарын ашады және Орталықтың Жарғысы мен ОАА мемлекеттерінің заңдарына сәйкес бөлімшелерін құра алады.

4-бап

1. Тараптар Орталықтың міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Орталық Тараптардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2. Еуропалық Қоғамдастық Комиссиясы, БҰҰДБ:

- ашық және тиісті қорларға қатысты Орталықты қолдауды қамтамасыз етеді;
- Жарғыда келтірілген мақсаттарға сәйкес орталықты құруға жәрдемдеседі;
- Орталықтың қызметіне консультациялармен, ақпаратпен және ұсыныстармен жәрдемдеседі.

3. Қазақстан Республикасы:

Осы Келісімге қол қойғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Орталықты заңды тұлғаның мәртебесі бар халықаралық сипаттағы тәуелсіз, коммерциялық емес, саяси емес ұйым ретінде 6 айдың ішінде тіркеуді қамтамасыз етеді;

- Орталықтың тиімді жұмыс істеуі үшін тиісті ұйымдық жағдайлар жасайды, байланыс арналарын ұсынады, сондай-ақ Алматы қаласындағы АЭО кеңсесі үшін орталықтың меншігіне үй мен ғимаратты (үй-жайды) тегін береді.

5-бап

1. Орталық Жарғыға сәйкес жергілікті, аймақтық және халықаралық деңгейлерде үкіметтік емес ұйымдардың (ассоциациялардың), үкіметтердің, іскерлік топтардың және басқа да мүдделі ұйымдардың арасында ақпараттарды еркін алмасудағы

ынтымақтастыққа жәрдемдеседі; жарғылық мақсаттарға сәйкес қоршаған ортаны қорғауға тартылған кез келген ұйымға немесе тұлғаға тікелей көмегін ұсынады.

2. Орталық қоғамның (қоғамдардың) қоршаған ортаға және орнықты дамуға қатысы бар шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың атсалысуына жәрдемдеседі.

3. Орталықтың қызметі Жарғыға және Орталық әзірлейтін сондай-ақ оның құрылтайшылары бекітетін Жұмыс Бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

6-бап

1. Орталық басқа елдердегі Аймақтық Экологиялық Орталықтармен бірлесіп жұмыс істейді.

2. Тараптар Аймақтық экологиялық Орталықтардың қызметтеріне байланысты құрылған халықаралық үйлестіру комитеттерімен және ұйымдарымен ынтымақтастық жасауда және олардың жұмысына атсалысуда Орталықты көтермелеуі және көмектесуі тиіс.

3. Орталықтың жұмыс тілдері орыс және ағылшын тілдері болып табылады. Орталық қажет болған жағдайда ОАА елдерінің мемлекеттік тілдерін пайдалана алады.

7-бап

1. Қаржылық бақылаумен, нормативтермен немесе кез келген түрдегі мораториймен шектелмеген Орталық Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

- Орталықтың меншігіне жататын құрылыстарды, ғимараттарды, жабдықтарды, құралдарды иемденеді, пайдаланады және оларға билік жүргізе алады;

- Орталықтың меншігіне жататын кез келген қорлар мен активтерді немесе кез келген түрдегі валютаны иемдене алады және кез келген валютамен есеп айырысу жүргізе алады;

- өзінің қорлары мен активтерін немесе валюталарын бір елден екінші елге беруде және өзіне тиесілі валютаны кез келген басқа валютаға өтімділендіруде ерікті.

2. Орталық активтері: тұрақты және бір жолғы төлейтін салымдардан, үйлерден (үй-жайлардан), автокөлік құралдары, ұйымдастыру техникасы, кеңсе жиһазы және оған жиынтықтайтын лабораториялық жабдық (экологиялық проблемаларды зерттеу үшін) болып табылатын және Тараптардың тегін негізде Орталықтың және оның ұлттық филиалдарына беруіне және пайдалануына арналған иеліктен алуға жатпайтын тауарлардан, сондай-ақ техникалық жәрдемдесуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ерікті салымдардан және қайырмалдықтардан тұрады.

3. Орталықтың активтері тек қана ОАА-ның экологиялық проблемаларын шешуге жұмсалыады.

4. Орталық өз қызметін осы Келісім мен Жарғы аумағында жүзеге асыра отырып:

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген бюджетке берілетін барлық алым, салық және басқа да міндетті төлемдерден;

- Орталықтың қолдану мақсатында сырттан әкелінетін және шығарылатын ресми

заттарына, сонымен қатар оларды жариялауына шек қоюдан және кедендік баждан босатылады.

8-бап

1. Жарғыда көзделгеніндей Орталықтың құрамына Басқарушылар Кеңесі, Атқарушы Директор, Консультативтік Кеңес, басқа да лауазымды тұлғалар, сондай-ақ Орталықтың қызметі үшін қажет болатын міндеттерді орындау үшін әкімшілік және техникалық штат кіретін болады.

2. Орталықтың жұмысына басшылық жасайтын Атқарушы Директор Орталықтың өкілі болып табылады. Атқарушы Директор Жарғыға сәйкес тағайындалады.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың арасындағы өзара консультациялар және келіссөздер арқылы шешілетін болады.

10-бап

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге түзетулер құжаттар алмасу жолымен енгізілуі мүмкін. Мұндай құжаттар Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылады.

11-бап

Осы Келісім тараптар арасындағы келіссөздер орындалғаннан кейін ішкі рәсімдерге сәйкес қабылданады.

Осы Келісім тараптардың өзара уағдаластығы бойынша ішкі рәсімдердің орындалғанын хабарлаған күннен кейін екінші айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім басқа да мүдделі ұйымдардың қатысуы үшін ашық.

12-бап

Тараптар Келісімнен шығу жөніндегі өз ниетін Кеңестің Төрағасына өздерінің Келісім Тараптары ретіндегі статусы өзгеруінен 6 ай бұрын жазбаша хабарлама білдіру арқылы Тараптар статусынан бас тарта алады.

Орталықты қайта ұйымдастыру немесе тарату Орталықтың Жарғысы мен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Алматы қаласында 2000 жылғы 12 мамырда әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде екі данадан жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін

Еуропалық Қоғамдастық Комиссиясы үшін

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы үшін

N 12-03/264

Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының даму Бағдарламасына өз құрметін білдіре отырып, 2000 жылы 12 мамырда Алматы қаласында жасалынған Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығының жұмыс

істеу шарттарының Келісіміне өзгертулер енгізілуін қолдайды.

7 баптың 4 пункті мынадай мәтінде мазмұндалсын:

"4. Орталық өз қызметін осы Келісім мен Жарғы аумағында жүзеге асыра отырып:

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген бюджетке берілетін барлық алым, салық және басқа да міндетті төлемдерден;

- Орталықтың қолдану мақсатында сырттан әкелінетін және шығарылатын ресми заттарына, сонымен қатар оларды жариялауына шек қоюдан және кедендік баждан босатылады".

Біріккен Ұлттар Ұйымының даму Бағдарламасы ұсынылған мәтінмен келіскен жағдайда, Министрлік осы нота мен Біріккен Ұлттар Ұйымының даму Бағдарламасының 2000 жылы 12 мамырда Алматы қаласында жасаған жауап нотасын Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығының жұмыс істеу шарттарының Келісімінің ажырамас бөлігі болуы мүмкін деп есептейді.

Министрлік осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының даму Бағдарламасына өз тарапынан қарым-қатынастарын жаңартатындарына зор сенім білдіреді.

Астана қаласы, 01 маусым 2001 жыл

Б і р і к к е н Ұ л т т а р Ұ й ы м ы н ы ң
Д а м у Б а ғ д а р л а м а с ы

Нью-Йорк қаласы

N 12-03/267

Қазақстан Республикасының сыртқы істер Министрлігі Европалық Комиссия Қоғамдастығына өз құрметін білдіре отырып, 2000 жылы 12 мамырда Алматы қаласында жасалынған Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығының жұмыс істеу шарттарының Келісіміне өзгертулер енгізілуін қолдайды.

7 баптың 4 пункті мынадай мәтінде мазмұндалсын:

"4. Орталық өз қызметін осы Келісім мен Жарғы аумағында жүзеге асыра отырып:

- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген бюджетке берілетін барлық алым, салық және басқа да міндетті төлемдерден;

- Орталықтың қолдану мақсатында сырттан әкелінетін және шығарылатын ресми заттарына, сонымен қатар оларды жариялауына шек қоюдан және кедендік баждан б о с а т ы л а д ы " .

Европалық Комиссия Қоғамдастығы ұсынылған мәтінмен келіскен жағдайда, Министрлік осы нота мен Европалық Комиссия Қоғамдастығы 2000 жылы 12 мамырда Алматы қаласында жасаған жауап нотасын Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығының жұмыс істеу шарттарының Келісімінің ажырамас бөлігі болуы мүмкін д е п е с е п т е й д і .

Министрлік осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Европалық Комиссия

Қоғамдастығына өз тарапынан қарым-қатынастарын жаңартатындарына зор сенім білдіреді.

Астана қаласы, 01 маусым 2001 жыл

Европалық Комиссия Қоғамдастығы

Брюссель қаласы

ЕВРОПАЛЫҚ ОДАҚ

Қазақстан Республикасындағы Европалық Комиссия Делегациясы

НВ/2001/461

АУЫЗША НОТА

Қазақстан Республикасындағы Европалық Комиссиясының Өкілдігі Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігіне өзінің құрметін білдіреді және Министрліктің 2001 жылғы 4 маусымдағы N 12-03/267 нотасына жауап бере отырып, Европалық Комиссияның "Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығының қызмет жасау шарттарының Келісіміндегі" 7 бабының 4 пунктіне қатысты ұсынылған өзгертулермен келісетінін растайды.

Қазақстан Республикасындағы Европалық Комиссиясының Өкілдігі Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігіне өздерінің жоғарғы құрметін білдіре отырып, қарым-қатынастарын одан әрі жалғастыратындарына сенім білдіреді.

Алматы, 24 шілде 2001

Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігі

Астана қаласы

Мөр таңбасы

Б Ұ Ұ

Д а м у

Б а ғ д а р л а м а с ы

Қазақстан Республикасындағы Тұрақты Өкілдік

2 0 0 1

ж ы л ғ ы

1 4

қ ы р к ү й е к т е

ЖІБЕРІЛГЕН

Алматы қаласындағы БҰҰ Даму Бағдарламасының Өкілдігі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің атына өзінің игі тілектерін білдіреді және Министрліктің 2001 жылғы 1 маусымдағы N 12-03/264 хабарламасына жауап ретінде Алматы қаласындағы БҰҰ Даму Бағдарламасы Өкілдігінің "Орталық Азия Аймақтық экологиялық орталығының жұмыс шарттары туралы" Келісімнің 7-бабының 4-тармағына қатысты өзгерістер енгізетіні туралы ұсыныспен келісімін растайтынын қ у а т т а й д ы .

БҰҰ Даму Бағдарламасының Өкілдігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігін өзінің терең құрметтейтініне сендіруі үшін осы мүмкіндікті пайдаланады.

А л м а т ы

2001 жылғы 31 шілде

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Сыртқы істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК